

СИЛЛАБУС
«7M01802- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы
2026-2027 оқу жылының күзгі семестрі

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өздік жұмысы (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өздік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
76803 Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядан кеңес беру	4	15	30		5	5

Оқыту түрі	Циклі, компоненті	Дәрістің түрі	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Офлайн	П/ТК	Кіріспе,шолу, проблемалық, аналитикалық	жағдаяттық, тренингтік, жобалау т.б.	Жазбаша офлайн емтихан
Дәріскер	Нургалиева Долорес Абилдаевна п.ғ.к, аға оқытушы			
Ассистент (тер)	Нургалиева Долорес Абилдаевна п.ғ.к, аға оқытушы			
e-mail:	nurdolores@mail.ru			
Телефон:	+7 702 76 75 044			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
Халықтың әртүрлі викиитоғендік топтарын әлеуметтендіруді жүзеге асыру ерекшеліктері туралы ғылыми көзқарастар жүйесін қалыптастыру, әлеуметтік осал балаларға әлеуметтік көмек көрсету және қолдау көрсету бойынша мамандарды даярлау. Негізгі аспектілер: жәбірленуші балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық құбылыс ретіндегі балалар виктимизациясы проблемасы, зардап шеккен балалармен әлеуметтік педагогтың жұмысының ерекшелігі, халықтың	1.«Әлеуметтік-педагогикалық виктимология» пәнін оқытудың ғылыми теориялық, әдістемелік тұрғылары мен ұстанымдарын талдау; «Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның» шығуы мен қалыптасуы және қазіргі дамуы туралы теорияларды білу.	1.1 Виктимологияның қоғамдық бағыт және әлеуметтік құбылыс ретіндегі орнын түсіндіре алуы; 1.2 Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның шығуы мен қалыптасуы туралы теориялық білімдерге түсінік бере алуы керек; 1.3 Әлеуметтік-педагогикалық виктимология туралы түсініктерді ажырата алуы; негізгі зерттеу бағыттар айқындай алуы тиіс. 1.4 Виктимологияның түрлері, көп аспектілігі туралы теорияларды жіктеп,талдай алуы қажет.
	2. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология дағы әлеуметтік жағдайларды, викиитоғендік факторларды талдау; әртүрлі педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынаста дұрыс шешім таба білу; кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін білік, дағдыларды меңгеру.	2.2 Әртүрлі педагогикалық- психологиялық, әлеуметтік жағдайлардағы қарым-қатынаста мәдениеттілік танытуы ; 2.3 Кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін білік, дағдыларды көрсете алуы.
	3. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы кеңес беруде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану; виктимділікке тап болмаудың дұрыс жолдарын таңдай алуы; Әлеуметтік- педагогикалық виктимологияның басқа ғылымдармен байланысын анықтау.	виктимология бойынша виктимологиялық кеңес түрлерін ұйымдастырыу; 3.2 Әлеуметтік дағдыларды түсіндіру, жұмыс түрлерін жіктеп көрсетуі; 3.3 Виктимологияның салалас ғылымдармен байланысын, интеграциялық сипатын түсіндіре алуы; 3.4 Әр түрлі жағдайда жәбірленушілікке тап болған адамдармен әлеуметтік кеңес беру технологияларын қолдануы.

<p>эртүрлі виктимогендік топтарына кеңес беру ерекшеліктері.</p>	<p>4. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторларын білу; Эртүрлі мәдениеттер жағдайындағы құрбандық мәселесіне өз көзқарасын білдіру; Әлеуметтік теңсіздік-виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептердің бірі екендігін дәйектеп тұжырымдау; Жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипатын ашу.</p>	<p>4.1 Әлеуметтік педагог ретінде тұлғаның әлеуметтенуіндегі қауіпті кезеңдерді жіктеп сызбада көрсетуі; 4.2 Қазіргі қоғамдағы көпмәдениеттілік жағдайындағы құрбандық мәселесіне пікір айта алуы; 4.3 Әлеуметтік- педагогикалық кеңес беру түрлерін білуі; 4.4 Отбасының виктималдық жағдайлардағы (құқықтық, рухани, әлеуметтік, тұрмыстық, аралас неке мәселелерінің бала тәрбиесіне ықпалы, миграция, ұлтаралық кикілжің және т.б жауапкершілігін түсіндіре алу .</p>
	<p>5.Шығармашылық тапсырмаларды, пән бойынша орындалатын жазба және зерттеушілік жобалау жұмыстарын біліктілікпен орындап, нәтижесін көрсете білуі, өз көзқарасын дәлелдеу, өз еңбегін рефлексиялық талдап бағалауға машықтандыру.</p>	<p>5.1 «Әлеуметтік-педагогикалық виктимология» пәнінің терминдік аппараты бойынша глоссарий құрастыруы; 5.2 Жасөспірімдерге виктимдік жағдайларда кеңес беру бойынша тренингтерді жүргізуі ; 5.3 Жазба жұмыстарын шығармашылықпен орындауы.</p>
<p>Пререквизиттер</p>	<p>Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері</p>	
<p>Постреквизиттер</p>	<p>Зерттеу практикасы, Магистерлік диссертацияны орындау</p>	
<p>Оқу ресурстары</p>	<p>Әдебиеттер негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бедулина, Г.Ф. Социально-педагогическая профилактика отклоняющегося поведения: учеб.-метод. комплекс / Г.Ф. Бедулина, Е.К. Погодина. Минск: БГПУ, 2013. –216с 2. Бойко О. А., Хоменко А. Н., Пестерева С.Ю., Бражников В. В. Актуальные проблемы виктимологии: учебное пособие / Омск: Омская юридическая академия, 2017. — 240 с. https://www.iprbookshop.ru/86166.html 3. Бочкарева Е.В. Виктимологические аспекты насильственной преступности в семейно-бытовой сфере: монография / Е.В. Бочкарева. — Москва: ИНФРА-М, 2021. — 135 с. https://znanium.com/catalog/product/1084387 4. Валеева Р.А., Дроздикова-Зарипова А.Р., Калацкая Н.Н., Костюнина Н.Ю. Профилактика и коррекция виктимного поведения студенческой молодежи в Глоб. ети Интернет: теория, практика.-Казань: Изд. «Отечество», 2019.-320 с. 5. Журлова, И. В. Социально-педагогическая виктимология : курс лекций / И. В.Журлова. – Мозырь : УО МГПУ им. И. П.Шамякина, 2010., 172 с. 6. Константинова С.С. Факторы, определяющие виктимность личности //Виктимность и виктимологическая профилактика: Материалы круглого стола по дисциплине «Психологияотклоняющегося поведения». – Тверь: Твер. гос. ун-т, 2019. – С. 21-25. 7. Қасымова Р.С.Әлеуметтік педагогтің жұмыс технологиясы.Оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 2020 8. Сбитнева А.Н., Бекмурзина А.Б. Социальная виктимология. Әлеуметтік виктимология [Текст] : учебно-методическое пособие / А. Н. Сбитнева А. Б. Бекмурзина.– Петропавловск : 2025. - 80 б. 9. Шалғынбаева Қ.Қ., Шолпанқұлова Г.К., Колумбаева Ш.Ж. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы / Қ.Қ. Шалғынбаева, Г.К. Шолпанқұлова, Ш.Ж. Колумбаева,- Алматы: CyberSmith, 2019 — 176 бет. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Андронникова О.О.Психологические границы виктимной личности / О. О. Андронникова, В. И. Волохова // Сибирский педагогический журнал. 2018., № 2. – С. 111–118. 2. Алдакимова, О.В.Социально-педагогическая виктимология: учебно-методическое пособие. - Армавир : 2016. - 186 с. 3. Киселев В.С. Виктимное поведение жертв домашнего насилия / В. С. Киселев, Д.Д. Хомлюк.// Молодой ученый. 2019. № 28 (266). С. 126-128. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: https://moluch.ru/archive/266/61630/ (дата обращения: 05.06.2023). <p>Интернет-ресурстар</p>	

<p>Пәннің академиялық саясаты</p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «<u>Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері</u>», «<u>Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары</u>», «<u>Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі</u>» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, nurdolores@mail.ru 87027675044 немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p>МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p>Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері
Баға		Баллдардың сандық баламасы	Дәстүрлі жүйедегі баға
А	4,0	95-100	Өте жақсы
А-	3,67	90-94	
В+	3,33	85-89	Жақсы

Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.
Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.
Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір

				кезендегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	25
C	20	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	167	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
F	0	0-24		ЖИЫНТЫҒЫ	100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ВИКТИМДІЛІК ТЕОРИЯЛАРЫ			
1	Д 1. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық- әдіснамалық негіздері.	1	
	СС 1. «Виктимология» ұғымының қоғамдық бағыт және әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні: қалыптасуы мен дамуы	2	7
2	Д 2. Виктимологияның түрлері, көп аспектілігі. Г.Гентинг, Б.Мендельсон, Э.Сатерленд, Г.Элленбергер және т.б теориялары	1	
	СЗ 2. Виктимділік – тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі	2	7
	ОБӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.		
3	Д 3. Виктимологияның басқа ғылымдармен байланысы : әдіснамалық тұрғылар мен ұстанымдар (тұлғалық, әлеуметтік-құрылымдық, қылмыстық, т.б.)	1	
	СС 3. Әлеуметтік жағымсыз жағдайлардағы құрбандардың типтері	2	7
	БӨЖ 1. «Виктимология», «әлеуметтік виктимология» және «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ұғымдары бойынша глоссарий құрастыру (кестеге салу, ауызша қорғау)		22
4	Д 4. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы негізгі түсініктер; құрбандықтың түрлері.	1	
	СС 4. ҚР құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық ресми нормативтік құжаттардың әлеуметтік-педагогикалық виктимологиядағы қолданысы	2	7
	ОБӨЖ 2. Зорлық-зомбылық механизміндегі жәбірленуші: құрбанның жеке басының виктимологиялық сипаттамасы.		
5	Д 5. Әлеуметтік құрбандықтың объективті және субъективті факторлары: тұлғаның әлеуметтенуіндегі қауіпті кезеңдер.	1	
	СС 5. Әлеуметтік теңсіздік- виктимологиялық мәселелерді тудырушы себептердің бірі. Өртүрлі мәдениеттер жағдайындағы құрбандық мәселесі	2	7
	БӨЖ 2. Презентация түрінде қорғау 1.Қорқыныш - тұлғаның виктимділікке баруының бір себебі. 2. Тәуекел тобындағы жасөспірімдердің виктимділігі (таңдау бойынша)		22
6	Д 6 Тұлғаның бейімделуі және бейімделе алмауы туралы психоаналитикалық, гумандық, когнитивтік теорияларға түсінік	1	
	СС 6. Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың әлеуметтенуінің өзіндік ерекшеліктері.	2	7
7	Д 7. Жағымсыз отбасы баланың виктимділігінің ортасы ретінде. Ата- анасыз қалған балалардың әлеуметтенуі.	1	
	СС 7. Отбасының виктималдық жағдайлардағы (құқықтық, рухани, әлеуметтік, тұрмыстық, аралас неке мәселелерінің бала тәрбиесіне ықпалы, миграция, ұлтаралық кикілжің және т.б жауапкершілігі.	2	7
	ОБӨЖ 3. Жасөспірімдердің виктимизациясы және оның алдын алу		
8	Әлеуметтік педагогтің виктимологиялық жағдайлардағы кәсіби этикасы және конфиденциальдық мәселелері.		

	СС8. Құрбандылықтағы мінез-құлық кедергілері және оларды жеңу жолдары		7
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2. ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ			
9	Д9. Виктимологиялық жағдайлардың алдын-алудағы құқықтық, медициналық, ақпараттық кеңес түрлерінің әлеуметтік мәні	1	
	СС9. Г.Сельенің «Жалпы бейімделу синдромы» тұжырымдамасы	2	8
	ОБӨЖ 4. Өртүрлі виктимдік жағдайларға тап болған адамдарға әлеуметтік – педагогикалық кеңес берудегі адамгершілік қағидаларының орны.		
10	Д10. Әлеуметтік педагогикалық кеңес беру әдістері мен технологиясы	1	
	СС 10. Әлеуметтік бейімделе алмаудың патологиялық, патологиялық емес, локальды және жаһандық түрлері: кеңес бер ерекшеліктері.	2	8
11	Д11. Мигранттар мен босқындардың балаларының әлеуметтенуі виктимогендік мәселе ретінде .	1	
	СС 11 Мектеп оқушыларының виктимизациясының жас ерекшелік және гендерлік мәселелері бойынша кеңес беру	2	8
	БӨЖ 3. Жастардың және жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипаты (жоба түрінде қорғау)		22
12	Д 12. Құрбандыққа душар болған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету және оларды қорғау бойынша берілетін кеңес түрлері	1	
	СС 12. Әлеуметтік педагог пен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің виктимологиялық жағдайларда кеңес берудегі іс-әрекеттестігі және өзара ынтымақтастығы.	2	8
13	Д 13. Маргиналдық және әлеуметтік қауіп қатер мәселелері бойынша кеңес беру	1	
	СС 13. Құрбандардың ағымдағы қиындықтарда әлеуметтік бейімделе алмау проблемалары бойынша ата-аналарға кеңес беру	2	8
	ОБӨЖ 5. Әлеуметтік-педагогикалық тренингтің түрлері , жүргізу талаптары		
14	Д 14. Әлеуметтік инфантилизм құрбандыққа бейім тұлғаның сипаты.	1	
	СЗ 14. Психологиялық жарақат алған құрбандарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудегі Д. Стоттың диагностикалық бақылау картасы және т.б. әдістер мен тәсілдер	2	8
	БӨЖ 4. «Әлеуметтік-педагогтің құрбандарға және жәбірленушілерге кеңес беру біліктілігіне қойылатын талаптар (сызба түрінде орындау)		22
15	Д 15. Жасөспірімдерге виктимділіктен арылу бойынша кеңес беру және тренинг жүргізу әдістері	1	
	СС 15. Мектеп оқушыларының виктимизациясының жас ерекшелік және гендерлік мәселелері	2	8
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән бойынша барлығы			100

Декан _____ Б.Б. Мейрбаев

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрағасы _____ Қ.Б.Жұмабекова

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Дәріскер _____ Д.А.Нургалиева

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

БӨЖ 1. «Виктимология», «әлеуметтік виктимология» және «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ұғымдары бойынша глоссарий құрастыру (кестеге салу, ауызша қорғау). Тапсырманы орындау үшін магистранттар аталған ұғымға берілген анықтамалары «Педагогика және психология», «Криминология» салалық түсіндірме сөздіктерінен және басқа сөздіктерден тауып жинақтайды. Силлабуста көрсетілген әдебиеттерді оқып, берілген анықтамаларды жазу қажет. Әр терминнің мағынасын ашу үшін нақты оқулықтың атауы, авторы, шыққан жылы т.б толық көрсетілуі шарт.

Орындау талаптары

1) Әлеуметтік-педагогикалық виктимологиялық ұғымдарға оқулықтарда берілген анықтамаларды жинақтап, мына үлгі бойынша кестені толтыру қажет. Анықтамалар саны көбірек болған сайын балл да өседі. Минималды сан мөлшері 4-5 ұғымның анықтамасын жазу.

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы	«Жақсы» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы
Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант «виктимология», «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» және «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ұғымдарын теориялық негіздеп тұжырымдаған авторлардың еңбектерін саралап құрастыра алған.	Әр ұғымның нақты мағынасын аша білген және оларды өзара салыстыра талдап жіктеп көрсеткен.	Магистрант теориялық тұрғыда анықтамаларды жіктеп көрсете алмаған. Авторлардың еңбектеріне тек сілтеме жасап көшіріп жазған.	Глоссарий құрастыру талаптарына сәйкес келмейді. Әдебиеттерді, қайнаркөздерді дұрыс пайдалана алмаған.
Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін, басқа ғылымдармен байланысын түсініп, талдай алуы	Магистрант виктимология ғылымының өзге ғылым салаларымен байланысын интерпетациялап көрсетіп, салалық терминдермен ұштастыра алған.	Магистранттың ізденушілік қабілеті бар, әрбір анықтаманы нақты дәлелдеп талдайды	Өздік жұмыста көбінесе интернет материалдарын жайдақ көшіріп беруге бейім. Өзінің ұсынысы, тұжырымы, пікірі онша көрінбейді.	Құжаттармен, әдебиеттермен жұмыс жасауда бірізділік жоқ, тек әрбір ұғымға берілген анықтаманы көшірген.
практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Әлеуметтік-педагогикалық виктимология бойынша өз анықтамасын ұсынады	Сын тұрғысынан ойлайды, өзіндік пікір ұсынады	БӨЖ жұмысында өз ойын толық жеткізе алмайды, сыни ойлау тұрғысынан пікірлері әлсіз әрі терең емес	Өздігінен сараптама, сыни пікір жасай алмаған. Терминдерді шатастырады, құрастыруда қателіктер кездеседі.
Академиялық жазу, зерттеушілік дағдылар	Магистранттың жұмысы мазмұндық жағынан дұрыс, ғылыми негізде толық ашылған. Жазу стилі айқын, нақты материалдармен дәйектеліп тұжырымдалған. Талапқа сай орындалған.	Жұмыс жақсы орындалған, ғылыми стиль сақталған, өз қолтаңбасы бар.	Магистранттың нәзік жұмысы кейбір нақтылықты талап етеді, біршама қателері де бар. Әлі де ғылыми тілде жазуға машықтану қажет.	Өздік жұмыста қателіктер көп, өзінің ойын жүйелі жеткізе алмаған. Термин құрастыруда және оларды өз сөзімен дәйектеуде құзыреттілік танытпайды.

БӨЖ 2. Презентация түрінде қорғау

1.Қорқыныш- тұлғаның виктимділікке баруының бір себебі.

2. Тәуекел тобындағы жасөспірімдердің виктимділігі (таңдау бойынша)

Критерий	«Өте жақсы» Макс. вес в % 23-29%	«жақсы» Макс. вес в % 17-22%	«Қанағаттанарлық» Макс. вес в % 11-16%	«Қанағаттанарлықсыз» Макс. вес в % 0-10%
Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант берілген тапсырманы теориялық талдап, виктимділікке апаратын себептердің бірі ретінде «қорқыныш» ұғымының мағынасын толық аша алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған.	Магистрант тақырыпты аша алған, делелдері нақты және теориялық біліммен бекітілген. Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда саралап жинақтап пайымдай алған.	Магистрант тақырыпты толық түсіне алмаған, өз ойын ашып көрсете алмаған.Тек интернет материалдарымен шектелген.	Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың өз ойы, пікірі көрінбейді. Талдау жоқ
Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін , басқа ғылымдармен байланысын түсініп, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, виктимологияға қатысты дәйектер бере алған.	Магистрант тақырыпты түсінеді, мәселеге сыни қарайды, нақтырақ пайымдауы,эмпирикалық ойлауы көрініп тұр.	БӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе интернеттен алынған материалдарға сүйенеді. Өз ойы әлсіз.	БӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған.
Практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Зерттеушілік бағыттақ ұсыныс бере алады, практикалық сипаты басым, теорияны ұштастыра білген. Қорытынды жасай алған.	Әлеуметтік педагог ретінде құрбандық мәселесін түсінеді, өз пікірімен тақырыпты талдай алған. Ұсынысы да жаман емес.	Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығы аз, ұсыныстары әлсіз .	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы,пікірі айтылмаған, ұсыныстары жоқ
Презентация жасай алу және көпшілік алдында сөйлеу	Магистранттың презентациясы теориялық тұрғыда дұрыс дайындалған, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын жеткізе алады.	Слайдтары жақсы дайындалған, сөз мәнері дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет.	Қанағаттанарлық деңгейде орындалған, коммуникацияға бейімділігін көрсете алмады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен.

БӨЖ 3. Жастардың және жасөспірімдердің әлеуметтік виктимологиялық сипаты (жоба түрінде қорғау)

Критерий	«Өте жақсы» Макс. вес в % 23-29%	«жақсы» Макс. вес в % 17-22%	«Қанағаттанарлық» Макс. вес в % 11-16%	«Қанағаттанарлық сыз» Макс. вес в % 0-10%
Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант берілген тапсырманы теориялық талдап, виктимділікке апаратын себептердің бірі ретінде «қорқыныш» ұғымының мағынасын толық аша алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған.	Магистрант тақырыпты аша алған, делелдері нақты және теориялық біліммен бекітілген. Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда саралап жинақтап пайымдай алған.	Магистрант тақырыпты толық түсіне алмаған, өз ойын ашып көрсете алмаған. Тек интернет материалдарымен шектелген.	Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың өз ойы, пікірі көрінбейді. Талдау жоқ
Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін , басқа ғылымдармен байланысын түсініп, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, виктимологияға қатысты дәйектер бере алған.	Магистрант тақырыпты түсінеді, мәселеге сыни қарайды, нақтырақ пайымдауы, эмпирикалық ойлауы көрініп тұр.	БӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе интернеттен алынған материалдарға сүйенеді. Өз ойы әлсіз.	БӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған.
Практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Зерттеушілік бағыттақ ұсыныс бере алады, практикалық сипаты басым, теорияны ұштастыра білген. Қорытынды жасай алған.	Әлеуметтік педагог ретінде құрбандық мәселесін түсінеді, өз пікірімен тақырыпты талдай алған. Ұсынысы да жаман емес.	Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығы аз, ұсыныстары әлсіз .	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі айтылмаған, ұсыныстары жоқ
Презентация жасай алу және көпшілік алдында сөйлеу	Магистранттың презентациясы теориялық тұрғыда дұрыс дайындалған, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын жеткізе алады.	Слайдтары жақсы дайындалған, сөз мәнері дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет.	Қанағаттанарлық деңгейде орындалған, коммуникацияға бейімділігін көрсете алмады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен.

БӨЖ 4. «Әлеуметтік-педагогтің құрбандарға және жәбірленушілерге кеңес беру біліктілігіне қойылатын талаптар (сызба түрінде орындау)

Критерий	«Өте жақсы» Макс. вес в % 23-29%	«жақсы» Макс. вес в % 17-22%	«Қанағаттанарлық» Макс. вес в % 11-16%	«Қанағаттанарлық сыз» Макс. вес в % 0-10%
Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның теориялық әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант берілген тапсырманы теориялық талдап, виктимділікке апаратын себептердің бірі ретінде «қорқыныш» ұғымының мағынасын толық аша алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған.	Магистрант тақырыпты аша алған, делелдері нақты және теориялық біліммен бекітілген. Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда саралап жинақтап пайымдай алған.	Магистрант тақырыпты толық түсіне алмаған, өз ойын ашып көрсете алмаған. Тек интернет материалдарымен шектелген.	Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың өз ойы, пікірі көрінбейді. Талдау жоқ
Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін , басқа ғылымдармен байланысын түсініп, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, виктимологияға қатысты дәйектер бере алған.	Магистрант тақырыпты түсінеді, мәселеге сыни қарайды, нақтырақ пайымдауы, эмпирикалық ойлауы көрініп тұр.	МӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе интернеттен алынған материалдарға сүйенеді. Өз ойы әлсіз.	МӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған.
Практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Зерттеушілік бағыттақ ұсыныс бере алады, практикалық сипаты басым, теорияны ұштастыра білген. Қорытынды жасай алған.	Әлеуметтік педагог ретінде құрбандық мәселесін түсінеді, өз пікірімен тақырыпты талдай алған. Ұсынысы да жаман емес.	Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығы аз, ұсыныстары әлсіз .	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі айтылмаған, ұсыныстары жоқ
Презентация жасай алу және көпшілік алдында сөйлеу	Магистранттың презентациясы теориялық тұрғыда дұрыс дайындалған, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын жеткізе алады.	Слайдтары жақсы дайындалған, сөз мәнері дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет.	Қанағаттанарлық деңгейде орындалған, коммуникацияға бейімділігін көрсете алмады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен.